



Сыр бойы

№37
(19715)
14 НАУРЫЗ,
БЕЙСЕНБІ
2019 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

WWW.SYRBOYI.KZ



VIKTORIIANYŪN
SHYAQTY KOKTEMI

2>>



SHYĠARMASHYLYQ
BAIQAÝDAN JÚLDELI
ORALDY

3>>



Аққали ЗӘКІРОВ,
кескіндемеші.

СИҚЫРЫ
БӨЛЕК
СТРИТ-
АРТ

4>>

МАҒИЛІС

МӘСЕЛЕНІ ШЕШУДІҢ МҮМКІНДІГІ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ



Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен өңірімізге сапармен келген «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Алик Айдарбаевтың, жергілікті мұнай компаниялары басшыларының қатысуымен аймақтың мұнай-газ саласындағы көкейтесті мәселелерді талқылаған мәжіліс өтті.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Облыс әкімі ақпан айының басында Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың төрағалығымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында аймақтың даму мәселелері қаралғанын атап өтті. Ол отырыста өңірдің мұнай-газ саласының дамуына ерекше назар аударылғанын еске салды.

Аймақ басшысы өз сөзінде өңірдегі мұнай кеніштерінің сарқыла бастауына байланысты мұнай өндіру көлемі жылма жыл төмендеп келе жатқанын айтты.

— Соңғы 6 жылда 5 млн тоннаға жуық мұнайды жоғалттық. Өткен жылы 420 мың, биыл 1 млн тоннадан астам мұнайдан айырылып отырмыз, — деді аймақ басшысы.

Мұнай өндірісінің төмендеуі, әрине,

облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін тигізбей қоймайды. Солай бола тұрса да, аймақта кәсіпкерліктің дамуы, өңдеу өнеркәсібі үлесінің артуы, экономиканы әртараптандыру нәтижесінде соңғы екі жылда жалпыөнімділік өнім көрсеткішінің 100%-тен асыруға қол жеткізілді. Десе де, мұнай өндірісі аймақ экономикасының негізгі бөлігін құрап отырғандықтан өзіндік қиындықтар жеткілікті.

Облыс әкімі мұнай мен газ экспорты көлемін арттыру және жаңа кеніштерді игеру бағытындағы жұмыстарды да бір саралап өтті. Газ экспорты бойынша «ҚазТрансГаз» АҚ алдағы кезеңде облыс мұнайшыларынан тауарлы газдың 50 процентін экспорттық нәтбек бағасымен (шекараға дейінгі транспорттық

шығынды қоса есептегенде) алуға дайын екенін жеткізді.

Өңір жетекшісі мұнай экспортына қатысты мәселені де көпшілік назарына салды. Біздің мұнайшылар ішкі нарық қажеттілігін қамтамасыз ету келісіміне сәйкес барлық өндіріс өнімінің 75 процентін ішкі рынокқа жіберуде. Соған байланысты өңірдегі мұнай компанияларының шығыны шамамен 500 млн долларға жуықтап отыр. Табыстың азаюы келісімде көрсетілген міндеттемелерді орындауға да кері әсерін тигізуде. Энергетика министрлігі облыс мұнайшыларының бұл бағыттағы проблемаларын шешу тек «Кеңжық-Атырау» мұнай құбыры жобасы іске қосылғаннан кейін ғана мүмкін екенін айтады. Ал ол жоба жоспар бойынша 2020 жылы аяқталады. Ал оған дейін қызылордалық мұнайшылардың жағдайы ауырлай түспек.

Осыған байланысты облыс әкімі бірқатар ұсыныстарын ортаға салды. Қызылорда облысында өндірілген мұнай құбыр арқылы Алашанқоу мен Шым-

кент мұнай өңдеу зауытына жөнелтілуде. Осы ретте батыс облыстардағы мұнай компанияларының ішкі рынокты қамтамасыз ету үшін Шымкент зауытына жіберетін мұнай көлемін қызылордалық компанияларға жүктеуге болады. Ал батыстағы компаниялар сондай көлемді экспортқа жөнелтсе, екі жаққа да тиімді болар еді.

— Ішкі нарықтың қажеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерге сәйкес мұнай компаниялары ішкі нарыққа барлық өндірілетін ішкі мұнайдың 75% сағатады. Біз Қызылорда облысының жер қойнауын пайдаланушыларына қатысты қазіргі бөлу принципін әділетсіз деп есептейміз. Ішкі нарықты қамтамасыз ету бойынша ең үлкен жүктеме өңіріміздің компанияларына тиесілі, — деді облыс басшысы. Осыған байланысты Павлодар және Шымкенттің мұнай өндіру зауыттарының ішкі мұнаймен қамтамасыз ету бойынша «ҚазМұнайГаз-бен» шамалас батыс өңірлері компанияларының үлесін арттыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылды.

2-бет

ULYS

Амал келді, жыл келді!

Бүгін, 14-наурыз – Амал мерекесі. Бұл – Абай айтқандай, «қырдағы елдің ойдағы елмен араласып, күлімдесіп, көрісіп, құшақтасатын мезеті. Иә, айдан аман, жылдан есен шыққан жұрт жаздың жайын ойлайтын, қыстың сызы қайтқан уақыт. «Амал» кей жерде «көрісу» деп аталатын мереке, әсіресе батыста тойланып, Маңғыстау жұрты Отпан тауда ұлан-асыр той жасайды. Көрісу жоралғысының кей өңірлерде ұмытыла бастауына кеңестік кезең идеологиясы әсер еткен. Жалпы, «амал» атауы қайдан шыққан, «көрісу күні» қашаннан бері тойланады, қалың қазаққа қатысы қанша? Тарқатайық.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.



Батыс қана емес, бұл мерекені барша қазақ тойлаған. Бұл туралы деректер қазақ ойшылдарының еңбектерінде де кездеседі, этнографтар да растайды. Мерекені қалыптасуы жайында өңірлік «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім меңгерушісі, түркітанушы Серікбай Қосанов айтып берген еді.

— Наурыз ескіше үт жұлдызы мен камал жұлдызының тоғысуы кезінде пайда болған. Үт айы ескіше – ақпан айына, ал камал наурыз айына сөйкес келеді. Арабша – амал, парсыша – камал. Қазақтар амал деп те, камал деп те атаған. Амал мерекесі осы жұлдыздардың тоғысуы кезінде тойланған. Ескіше 13-нен 14-не қараған түні, жаңаша 21-22 наурызға келеді.

4-бет

КАСІП

Аралдық жеке кәсіпкер Сарагүл Құлбаеваның «алдағы уақытта мектепте оқитын қыз балаларға тігіншілік өнерді, ісмерлікті терең меңгеруге тегін үйрететін үйірме ашу жоспарымда бар» деген сөзіне әуелі таңданып қалдық. Өзі басшылық жасайтын тігін цехында біраз адамды жұмыспен қамтып отырған кәсіпкердің бұл талабын естігенде «жүріс-тұрысыңның бәрі ақшамен өлшенетін бүгінгідей қоғамда мұндай адами көзқарас танытуыңа қарағанда қазақты тәрбиімен сусындаған шығарсың» деп топшылап қойғанмын. Қателеспеппін.

Сарагүлдің бойына тігіншілік, ісмерлік өнер нағашы әжесі Рабиғадан дарыпты. Рабиға әженің тоқыған алашасы, басқан киізі, текеметке салған ою-өрнегі жұртшылықтың әлі жадында. Әжей алаша тоқығанда кішкентай Сарагүл жіп шиыршығын қазыққа шалып, жүгіріп жүретін. Осылайша киелі өнерге жастайынан көзі қанықты. Ол кездегі көрші-көлем бір-біріне ағайыннан артық қатысатын. Әсіресе, киіз басқан күн мерекеден еш кем түспейтін. Өңшең апалар бас құрап, киіз басуға көмекке келеді. Жарасымды әзілдескен калпы бар тірлікті тындырушы еді. Рабиға қардай аппақ киізге түрлі ою-өрнек салғанда Сарагүлге дүниеде нағашы әжесінен асқан мықты адам жоқтай сезілетін. Тамсана түсіп, өзі де осындай шебер болсам деп армандайтын. Міне, сол әжесі қазір 80 жасқа келді. Аллаға шүкір, әлі ширақ. Көзінің

қарашығындай жалғыз ұлы Өтебай мен келіні Майра мінсіз қызмет жасап, мәпелеп бағып-қағып отыр.

Сарагүлдің мектеп қабырғасындағы оқу үлгерімі жақсы болды. Мұнан соң Ақтөбелдегі Жұбанов атындағы университеттің физика-математика факультетін тәмамдаған жас маман өзі оқыған № 62 мектепте информатика пәні мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Бұрынғы үздік шәкіртін ұстаздары да жақсы ықыласпен қарсы алды. Арала жылдар жылжыды.

Кейін кәсіпкерлік жолға бет бұрды. Бұған дейін анасы Үйтөлған апай үйден көрпе-төсек тігіп, кәсіп жасайтын. Ол кісі әзірлеген ұзатылған қыздарға арналған жасау-жабылқытар жанарынды арбайтын. Сапалы да сәнді бұйымдарға сұраныс та жоғары.

Сарагүл осы кәсіпті дамытуды қолға алды. Жеке қаражатына тігін

«ХАНШАЙЫМНЫҢ» ҚҰТТЫ ҚАДАМЫ



цехын ашты. Айтпақшы, Сарагүлдің жолдасы Серікбай Саянов та – ауданға танымал кәсіпкер. Қазіргі таңда «Ханшайым» аталатын тігін цехын Сарагүл басқарады. Цехтағы талапқа сай өнім дайындайтын, тігін машиналарын шын мәнісіндегі шеберлер иеленген. Бұл тұрғыда Сарагүлдің ұжымның шоқтығы биік.

«Ханшайым» тігін цехы тапсырыспен қонақ көрпе, күс жастық, матадан жасалған жұмсақ сандық, көде-сый салатын қоржын, дорба, қыз жасауына кіретін бұйымдар, бесік жасауы, шымылдық, төсек жапқыш, қазақы көйлек, жеңсіз, кәжекей, т.б. дайындайды. Әрине, табыс оңайлықпен келмесі белгілі. Кәсіп жолында кездескен кейбір кедергілер жүре-бара түзелетіні анық. Бұған Сарагүл Құлбаеваның сенімі кәміл. Ал сенім жетістікке жетелейді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал қаласы.

ЕЛ ИГІЛІГІН ОЙЛАҒАН АЗАМАТ



Өмірде, қоғамда өз орнын таба білу – қай адам үшін де үлкен бақыт. Жақында алпыс деген асқардың шыңына шықпалы отырған Ғалым Дүйсенбайұлы Байманов осындай ізгі мұратына жеткен азамат. Ізденіс пен табандылықты ту еткен Ғалым Дүйсенбайұлы қырық жылға жуық ел және аймақ экономикасының негізгі тіректерінің бірі – мұнай-газ саласында тер төгіп, еселі еңбегі, іргелі істерімен ел құрметіне бөленіп келеді. Тұңғырлы тұлғаның ғұмыр жолын қысқаша баяндаудың өзі бұған көзімізді жеткізе түспек.

Ол 1959 жылғы 16 наурызда дүниеге келген. Тасбөгет кентіндегі №11 орта мектепті үздік бітірген соң ұлттық техникалық білім мен ғылымның қарашаның басындағы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты мұнай факультетінің «Мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылау» мамандығына оқуға қабылданды. Сол кезеңде бұл жоғары оқу орнына түсу қай жасқа болса да үлкен абай-рой, зор жетістік саналатын. Жасынан ойы ұшықп, білімге, жаңалыққа жаны құштар бағлан бірден ұстаздарының көзіне түседі. Мұнай-газ саласы бойынша қазақстан шыққан алғашқы ғалымдар Герой Жолағов, Есенғазы Лиманов, Әмин Аманқұлов, Нығмет Тұжбаев, т.б. белгілі ұстаздардан тағалымды тәрбие, бәсекеге қабілетті білім алады.

Оқуда озат болған студент «Өзен-мұнай-газ», «Манғышлақмұнай», «Орал мұнайгазбарлау экспедициясы» сынды кәсіпорындар мен бірлестіктердің өндірістік базаларында кәсіптік іс-тәжірибеден өтіп, біліктілігін шыңдайды. Жас маман еңбек жолын 1982 жылы Қазақ КСР Геология министрлігі «Қаз-мұнайгазбарлау» трестінің «Манғышлақмұнайгазбарлау» кешенді экспедициясында бұрғылаушының көмекшісі болып бастайды. Алғашқы ұстаздары КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Базарбай Қосмағамбетов, Лениндік сыйлықтың лауреаты Валентин Токарев, экспедицияның бас инженері Хасан Тажиетовтің қамқорлығы арқасында кәсіби маман ретінде қалыптасып, мол тәжірибе жинақтайды. Ғалым Дүйсенбайұлы өзінің өмір жолындағы ұстаздарының ішінде қоғам қайрат-

кері, ірі ұйымдастырушы Роберт Бердогожиннің есімін ерекше құрметпен атайды.

Қоғамдық белсенділігі мен ұйымдастырушылық қабілеті лайықты бағаланып, сайланбалы органдарға шақырылады. 1984-1988 жылдары Маңғыстау облысы Ералиев аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, комсомол комитетінің хатшысы болады. Сол тұста 1986 жылы Желтоқсан оқиғасына қатысуы себепті оқудан шығарылған 5-6 студент жасты жұмысқа тұрғызып, моральдық қолдау көрсетіп, қамқорлық жасайды. Бір жылдан кейін оларға оң міндетке жазып беріп, жоғары оқу орнына қайта қабылданыуына септігін тигізеді.

1980 жылдары Қызылорда облысындағы Күмкөл кенішін игеру жұмыстарының басталуына байланысты жергілікті мамандар тапшылығы сезілгені белгілі. «Күмкөл-Мұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының басшысы Мұрат Саламатовтың шақыруымен Ғалым Дүйсенбайұлы келешегі жарқын көрінген партиялық мансапты тастап, 1988 жылы туған елге оралады. Аталған басқарманың Күмкөл терен пайдаланымдық бұрғылау экспедициясының бұрғылау шеберінен бастап «Өнүстік-мұнайгаз» бірлестігінің вице-президенті (1995 жылы) лауазымына дейін көтеріледі. Ғалым Дүйсенбайұлының осы уақыттан басталған қызмет жолы экономика мен дамытудың тірегі – білім-ғылым өндірісті интеграциялаудың жарқын үлгісіндей.

1997-2000 жылдары «Харрикейн Күмкөл Мұнай» АҚ технологиялық көлік басқармасының орталық инженерлік қызметінің бастығы қызметтерін атқарады. 2000-2006 жылдары «Жана Ойл» ЖШС директорының орынбасары, «Өзенмұнайгаз» АҚ бұрғылау және ұңғымаларды күрделі жөндеу басқармасының директоры, «Харрикейн Күмкөл Мұнай» АҚ өндіріс жөніндегі аға менеджері, «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ мұнай құбырын пайдалану жөніндегі бас менеджері қызметтерінде абайрой биігінен көрінген ол компанияның газды пайдалануға жарату жобасының басталуына байланысты жобалар жөніндегі аға менеджері (2006 жылы), аға техникалық директорының орынбасары (2009 жылы), аға техникалық директоры (2014 жылы) лауазымдарына тағайындалады. 2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ басқарма төрағасының техникалық мәселелер жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді.

Мұнай-газ өндіруші саланың елінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ролі қаншада ерекше. Мұнай өнеркәсібінің, әсіресе, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекетіміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз еткенін ұмытпауымыз керек. Біздің кейіпкеріміз де ұзақ жылдан бері осы маңызды салада өзінің білім-білігін, қажыр-қайратын, ұйымдастырушылық қабілетін ел игілігі үшін аямай жұмсауда. Еңбек жолы жасампаз жетістіктерге толы азаматтың ел алдындағы еңбегін бағамдауға мүмкіндік беретін бірқатар беделді бәсекеге тоқталсақ 1991-1992 жылдары «Өнүстікгеология» бірлестігінің Сырдария мұнай-газ барлау экспедициясының бас инженері ретінде Торғай ойпатындағы Ащысай, Өнүстік Ақшабулак, Блиновск секілді жана мұнай-газ кеніштерін барлауға атсалысты.

2000 жылы Қызылқия кенішін сынамалы пайдалануға беру процесіне қатысты. Оның тікелей басшылығымен Күмкөл-Жосалы жоғары арынды (100 атм) магистральді мұнай құбырын пайдалану басталды. 2006-2008 жылдары Күмкөл, Арысқұм, Қызылқия және Майбұлақ

кеніштерінің газ жобаларын уақытты іске қосу жұмыстарына басшылық жасады. 2009-2013 жылдары Солтүстік-Батыс Қызылқия, Шығыс Күмкөл, Солтүстік Нұралы және Өнүстік-Батыс Қарабұлақ кеніштерін өнеркәсіптік пайдалануға беру процесін жүзеге асырды. Қазіргі таңда Сырдария ауданы аумағындағы Батыс Түзкөл, Түзкөл, Кетексаған кеніштерінде терен қабаттардан мұнай және газ іздетіріу-барлау жұмыстарына басшылық жасауда.

Мұнай өндірісінде сұранысқа ие жоғары білімді мамандарды Сыр өңірінің өзінде даярлау мақсатында 1996 жылғы 2 қыркүйекте Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Мұнай факультеті» ашылды. Факультетті бейінді ғылыми-педагогикалық кадрлармен нығайту, материалдық-техникалық базасын қалыптастыру мәселесі өткір қойылды. Міне, сол алғашқы жылдары Ғалым Дүйсенбайұлы факультеттің оқу жоспарындағы кәсіптік пәндер циклын өндірістен алынған қажетті зертханалармен жабдықтап, мұнай мамандықтарының ғылыми-әдістемелік тұрғыда қалыптасып, дамуына елеулі үлес қосып, өз болмысының патриоттық қырын жарқырай көрсеткен болатын. Бұған қоса, ол Күмкөл кенішін мұнайын сақтау мен тасымалдауға экологиялық қамтамасыз ету проблемаларын шешуге байланысты идеялары мен жүргізіген зерттеулері 1999 жылы қорытындылап, техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін иеленді. Осы орайда, ізденімпаз тұлғаның осындай тың еңбегін айғпйлі зерттеушілердің өзі мойындап, жетістіктерінің он бағысын бергенін айтуға тиіспіз.

Ұзақ жыл университет студенттеріне дәріс оқыған ұстаз ері мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы болып, өзінің мол ғылыми-өндірістік тәжірибесін әріптестері және жас ғалымдармен шаршамай-талмай бөлісті. Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар тәрбиелеудегі жан-жақты еңбегі ескеріліп, ғылыми кеңестің шешімен 2009 жылы «Қорқыт ата атындағы ҚМУ құрметті профессоры» болып сайланды. Ондаған ғылыми, әдістемелік еңбектің, 2

патенттің авторы, жанашыл маманға облыста тұңғыш рет ҚР Ұлттық инженерлік академиясы төрағасының шешімімен «2015 жылдың үздік инженері» құрметті атағы берілді.

Оның мемлекет және қоғам алдындағы еңбегі ескеруісіз емес. Кеудесінде жарқыраған мемлекеттік «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалі, салалық, уәкілетті органдардың және облыстық деңгейдегі ең жоғары марапаттар, «Сырдария ауданының Құрметті азаматы» атағы – осының жарқын көрінісі.

Ғалым Дүйсенбайұлы – сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Ол – әртүрлі мамандық иелерімен еркін пікірлесу алатын зерделі ғалым, білікті басшы. Өз басым бесаспап тұлғаның қандай жағдайда болдырып алдына барсаң, мәселенің мәніне терең бойлап, тұлғаның сұрақтарды сөзбұйраға салмай, онтайлы шешетініне бірнеше мәрте куә болдым. Оның бастамасымен аймақтағы әлеуметтік салаға, жоғары оқу орнына жасалған қолдау, көрсетілген көмек, демеушілік те қоғамға белгілі.

Жалпы, оның білім мен ғылым, техника мен технология саласымен бірге руханияттың мөлдір бұлақтарына игеруін көп кездесе бермейтін құбылыс санасақ, менің ерекше тоқталғын келетін бір қыры – көркем әдебиетті терең білетіндігі, ана тілімізді қадірлеп, қастерлейтіні. Ұлтымыздың көсегесін көгертуге қосқан үлесінің ішінде мемлекеттік тіліміздің жанауырлығы оқшау тұр дер едік.

Оның өмірлік ұстанымының негізінде өсіп-өнген ортаның ықпал-әсері жатыр десек қателеспейміз. Әкесі Дүйсенбай ұзақ жыл ПМК-44 мекемесін басқарса, анасы Орынқұл бірақтар ұйымда экономист болып қызмет атқарған өз заманының зиялы кісілері. Мектепте ұстазды Қыстаубаев көркем шығармаларды оқуға баулытып, Жоғары оқу орнында ұлтымыздың бетке ұстар зияткерлерінен тәлім алғанын жоғарыда айттық. Студенттік кезеңде Орынбасар Әлжік, Айтбай Сәулебек сияқты шығармашы жастармен етене араласып, әдеби сыныш Әуез Бейсебаевтың шығармаларын іздеп жүріп оқыса керек. Өндірісте «Манғышлақ мұнайгазбарлау» кешенді экспедициясының бас ма-

маны, төл тарихымыз бен салт-дәстүріміздің жанашыры Қалабай Алманиязовтан ұлт руханиятына байланысты көп нәрсеге қаныққан. Оның болмысына Әбіш Кекілбайұлы әлемінің әсері айрықша. Ұлт Абызымен жақын араласуының себепкері – өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастау алған Әулет Әбішұлымен достық.

Осыдан 10 жыл бұрын Ғалым Дүйсенбайұлының 50 жылдық мерейтойына орай түсірілген деректі фильмде Әбіш Кекілбай «Қазақ баласына Сыр өңіріндегі мал, егін, балық шаруашылығы таңсық емес, мұнай саласы таңсық. Ғалым – сол таңсықты алғаш бастап берген инженер» деп сұхбат беріпті. Бұл – кейіпкерімізге берілген нағыз ақиқат баға. Ғалым Ә.Кекілбайдың үйінде тағынақ жазушы, драматург Рахымжан Отарбаев пен ақын Өтеген Оралбаев шығармашылықтарының қыр-сыры туралы сағаттап айтуға бар. Мадияр жазушысы Иштван Қоңыр Мандокидің зайыбы Аиша алаймен сыйласығы да өз алдына бөлек әңгіме.

Ғалым Дүйсенбайұлы – өнегелі отбасының ұйытқысы, үлгілі аке. Зауыбы Нұрсұлу Кекілбайқызы Назарова – медицина саласының қызметкері. Ұлдары Нұрлан – «ҚазМұнайГаз» АҚ ірі жобалар департаментінің менеджері, Еркебұлан – Австрия мемлекетінің Каринтия қолданбалы ғылымдар университетінің магистранты. Қызы Жанна – «KEGOC» ұлттық компаниясының корпоративтік менеджері. Нұрсұлу Кекілбайқызы екеуі перзенттерінен тараған 3 немеренің ақилшы ата-әжесі. Ол – рухы мықты, отансүйгіш, байсалды да білімпаз, ізденімпаз, зиялы тұлға. Ендеше, адамгершілік қилеті кең, әркез ашық ақарқын мінзелімен көптің көңілінен шыққан мерзімді азамат қандай мақтауға да лайық.

Іргелі істерімен ел құрметіне ие болған Ғалым Дүйсенбайұлының деніне саулық, кәсібіне жана табыстар, отбасына бақ-береке тілей отырып, алап асарларыңыз әлі де көп болсын демекпіз.

Қали ОМАРОВ,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері.

ҰЛТ ДӘСТҮРІНДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Салт-дәстүр – әр ұлт пен халықтың тұрмыс-тіршілігіне, дініне, наным-сеніміне, ұлттық құндылықтарына сай жинақталған ғұрыптардың жиынтығы.

Әрбір халықтың өзіне тән құндылықтары болады. Сонымен қатар, өзге ұлттардан ерекшеленіп тұратын діні мен ділі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, әдебиеті мен мәдениеті, ұлттық тағамдары, өнері, ойындары бар. Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтай отырып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Өлеңнің этностарын зерттеген ғалымдар

ешқашан дінісіз, наным-сенімсіз ұлт болмағанына көз жеткізді. Салт-дәстүрдің ел арасында тәрбиелік, тәлімдік, халықтық маңызы зор. Бұларға үлкенді, ата-ананы сыйлап құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйініш, сәлем беру, шілдехана сынды жоралғылар жатады.

Қазақстан Президенті Н.Назарбаев: «Жана тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты

– сол ұлттық құндылықтарды сақтай білу. Егер жаңғыру елінің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Мен халқымыз тағалымды мол тарихы мен ықпалы заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қаламын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», – деп жазды.

Халқымызда «алты жыл аш болсаң да, ата салтын ұмытпа» деген бар. Қазіргі таңда салт-дәстүрімізді, әдет-

ғұрыптарымыз мен ұлттық құндылықтарымызды заман ағымына сай қолдана отырып, ұрпақтан-ұрпаққа аманат ете білесек, рухани жағынан кемелденеміз.

Ата-бабамыз ұрпақтарың қасиетті салт-дәстүр, өнегелі әдет-ғұрып, ырым-тыйым арқылы тәрбиелей білген. Б.Момышұлы: «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде ұлттық дәстүрдің маңызы зор екеніне көзім жетті» деп жазады. Міне, салт-дәстүр бойымызға жақсы қасиеттерді сіңіре оты-

рып, тура жолмен жүруге бағыттайтын заң іспетті.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге, жерге, тілімізге, дінімізге, ұлтымызға деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде мектептің алар орны ерекше. Сөбіне тәрбие беру ана құрсағынан басталса, оны білім ордасында жетілдіру маңызды рөл атқарады.

Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға біліммен қатар, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім –

адамзаттың хас жауы», – деді. Қай заманда, қандай қоғамда болсын, алдымызда тұрған зор міндеттердің бірі – болашақ ұрпақ тәрбиелеу. Жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуде бағалы дәстүріміздің орны ерекше. Салт-дәстүрді санасына сіңірген әр бала болашақта елінің өрге сүйрейдіні ұлтжанды азамат болып шығары сөзсіз.

А.САҚТАҒАНОВА,
облыстық дін мәселелерін зерттеу орталығының маманы.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУДАН ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Жыл басында «Нұр Отан» партиясы алғаш рет «Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауын өткізген еді. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы «Рухани жаңғыру» бағдарламасына тиіс серпін беріп, нақты жобалар жүзеге асырыла бастаған тұста бұл шығармашылық байқаудың орны ерекше. Бағдарламалық мақалалар еліміздің идеология саласындағы жаңа кезеңді бастап берді. Ойткені онда ұлттық кодты сақтап, тарихи сананы қалыптастыруға, санамызды жаңғыртуға бағытталған нақты мәселелер көтерілген.



тижесінде «Публицистика» аталымы бойынша 3-орын Қызылорда қаласындағы «Мұрагер» мектебінің ұстазы Ғұлбан Төбегеноваға берілді. Автордың «Рухани жаңғыру – тіл мәселесі» атты мақаласында ел өміріндегі өзекті мәселелер мен тіл сәмітсі туралы кеңінен баяндалады.

«Нұр Отан» партиясы жариялаған әдеби байқауға белгілі қаламгерлермен қатар, қарапайым ұстаз ретінде қатысып, уақыт талабына сай келетін мақала ұсынған. Айтпақшы, байқаудың қазылар алқасының құрамында Төлән Әбдік, Алдан Смайыл, Несіпбек Айтулы, Ұлықбек Есдәулет, Нұрғер Жүсіп, Жүсіпбек Қорғасбек, Копен Өмірбек және Әлия Бөлекжанова сияқты белгілі қаламгерлер болды.

«СБ» ақпарат.

KONFERENTSIYA

Бүгінгі қоғамда ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, білім беру жүйесінде бәсекеңді артуы сала алдына салмақты міндет қойып отыр. Уақыт талабына сай салаға инновациялық менеджмент енгізіп, кәсіби дамуға серпін беру қажеттілігі айқындалып отыр. Осы мақсатта «Қазақ Плаза» қонақ үйінің конференц залында облыстық білім мекемелерінің басшылары, орта мектеп директорлары және жауапты сала мамандарының қатысуымен кең ауқымды жиын өтті.

© Газиза ӘБІЛДА.

«Адам капиталының дамуы: білім саласындағы инновациялық менеджмент, құндылықтар және кәсіби даму» тақырыбындағы облыстық конференцияда аталған сала басшыларының, мектеп директорларының бүгінгі заманға сай көшбасшылық қабілетін дамыту, төртінші өнеркәсіп дәуіріндегі жана дағдылар мен құзыреттіліктер жайлы айтылып, сала жұмысын тиімді басқару және білім сапасын көтеру мәселелері бойынша арнайы шақырылған мамандардың тың тәжірибелері талқыланды.

Конференцияның пленарлық отырысының облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мельдесова жүргізіп, жиын барысында талқыға салынып отырған тақырыптарға жеке-жеке тоқталып, қазіргі заманғы білім беру жүйесінде инновациялық менеджменттің маңыздылығын атап өтті.

Осы жылында «XXI ғасыр ұста-

БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ САЛМАҚТЫ МІНДЕТ

зының жаңа ұстанымдары» тақырыбында баяндама жасаған «USTAZ KZ» кәсіби оқыту орталығының бас директоры Әлімжан Игенбаев ұстаз және мұғалім деген сөздің мағынасына бөлек талдау жасады.

– Айталық ұстаз – өзі оқытқан шәкірттің қалайда жетістікке жетуіне жанкешті еңбек ететін адам. Алайда ол осы еңбегі үшін ешкімнен ешқандай марапат күтпейді, тек шәкіртіне берген білімінің нәтижесін ғана бойына қуат алатын жан. Ал мұғалім – өз пәні бойынша күнделікті жоспарлы сабағын берумен шектелетін білімді маман. Осы орайда әрбір мектеп ұжымында немесе оқыту орталығында білім беру, тәрбиеге баулу және дамыту бағытын тең ұстап, шәкірттің шынайы қарым-қабілетін аша білу қажет. Сол сияқты уақытынан оза шапқан ұстаздардың еңбегін лайықты бағалай біліп, сондай-ақ, қатардағы қарапайым мұғалімнің де шәкірт жүрегіне жол тауып, ұлағатты ұстаз болуға талпынғаны жөн, – деді ол.

«Astana Garden School» мектебінің негізін қалаушы, «Sentral Asian Garden Schools» басқарушы компаниясының директоры Нұрмұхаммед Досыбаев «Орта білімнің сапасын арттыру мақсатындағы мемлекет және жеке сектордың әріптестігі: қиындықтар, мүмкіндіктер мен шешу жолдары» тақырыбындағы баяндамасында өзінің алған білімі мен жинақталған тәжірибесі бойынша ой-пікірін ортаға салып, бүгінгі таңдағы басымдықтардың бірі – білім саласы бойынша мемлекет пен жеке

сектордың әріптестігін дамыту бағытында тиімді ұсыныстар енгізу төңірегінде сөз қозғалды.

Конференция барысында Алматы Менеджмент университетінің бірінші проректоры, Білімді дамыту институтының директоры, философия ғылымдарының докторы Амангүл Қанағатова «Қазіргі заманғы білім беру ұйымдарындағы өзгерістерді басқару» тақырыбында, «Knowledge Engineering» компаниясының директоры Нартай Әшім «Адами капиталы: Оқытудың төрт негізі туралы» ой орамдарын ортаға салса, «KAZAN EDUCATION» жоғары оқу орнына дайындайтын орталықтың қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ринат Абдулхаликов «Қазан ғылыми-зерттеу технологиялық университетінде грант негізінде оқу мүмкіндіктері» жайында жан-жақты түсініктеме берді.

Конференция соңында облыстық білім басқармасы консалтинг компанияларымен өзара ынтымақтастық меморандумына отырды.

Сондай-ақ, осы шара аясында Назарбаев зияткерлік мектебінде философия ғылымының докторы А.Қанағатованың «Мектеп және колледж директорларын жеке капиталдандыру», «Sentral Asian Garden Schools» басқарушы компаниясының директоры Нұрмұхаммед Досыбаевтың «Өлеңнің ең үздік университеттеріне қалай түсету болады?» тақырыптарындағы мастер-класстары өтті.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – БІЗГЕ МІНДЕТ

Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясында «Ерекше назарды мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыруға аудару қажет» деп атап көрсетті. Елбасының айқындал берген тапсырма, міндеттеріне сәйкес, 2013 жылдың 15 сәуір күні «Мемлекеттік қызметтің қызметтер туралы» Заңы қабылданды. Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауға қамтамасыз ету, әкімшілік кедергілерді азайту, халықа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

Ветеринария саласындағы қызметтің мемлекеттік қызмет стандарты ҚР АШМ-ның 2015 жылғы 6 мамырдағы №7-1/418 бұйрығымен бекітілсе, регламент 2015 жылғы 24 тамыздағы №7-1/764 бұйрығымен бекітілген. ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің аудандық (қалалық) аумақтық инспекция тарапынан қызметтің мемлекеттік қызмет түрі – жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдерді, шикізатты экспортта кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат рәсімдеу.

Ветеринариялық сертификатты алу үшін өтініш ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда қалалық және аудандық аумақтық инспекциялары және «электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.egov.kz, www.elicence.kz арқылы қабылданады. Қорсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде нәтижесін алады, құжаттарды тапсыру уақыты – 30 (отыз) минут. Ветеринариялық сертификатты алу үшін ұсынылатын құжаттар топтамасы: мемлекеттік қорсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш, жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілетіндігін растайтын құжат, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты тасымалдау кезінде – сараптама актісінің көшірмесі, иттер мен мысықтардың орнын ауыстыру кезінде – ветеринариялық паспорт көшірмесі, Еуразиялық экономикалық одақта мүше мемлекеттерге немесе үшінші елдерге әкету мақсатында республиканың бір әкімшілік-аумақтық бірлігін республиканың басқа әкімшілік-аумақтық бірлігіне орны ауыстырылған объектілердің орнын ауыстырған кезде және республиканың бір әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде орны ауыстырылатын объектінің иесі ауысқанда – ветеринариялық анықтама, ветеринариялық сертификат бланкісі үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Облысымыздағы кәсіпкерлер мен жеке тұлғаларға сапалы мемлекеттік қызмет көрсету ветеринария саласы мамандарының міндеті болып қала бермек.

А.ӨТЕГЕНОВА,
ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының бас маманы.



Амал келді, жыл келді!

Жұлдыз аттарын қазақтар қантардан бастап амал, сәуір, саратан, зауза, әсет, сүмбіле, мизам, ақырап, қауыс және жәді, үт деп атайды. Үт айы келген кезде, жаңаша ақпанның 14-і келгенде «үт келді, күт келді» дейді. Сыр бойындағы қазақтар үшін үт келген кез жаздың жақындап қалғанын білдіреді. Ал Арқадағы қазақтар үшін «үт келді, жүт келді» деген сөз бар. Оларда қыстың әлі бітпеген уақыты. Бекасыл деген атақты әулие, ғалым XIX ғасырда бұлай деп жазыпты: «Көк қарға он бесінде келер, жиырма екісінде күн мен түн теңелер. Камал мен сәуір отыз бірінде келер. Сәуір келгенде бәбісек келер. Жыл жақсы болса, оншақты күн бұрын шақырап». Бұл кісінің айтқан он бесі наурыздың он төртінше шамалас. Көк қарға келгеннен кейін, күн жылып, күн мен түн теңеседі. Күн мен түннің теңесуі әр аймақта әртүрлі. Маңғыстау елі 14-нен бастап тойлайды, – деген болатын.

1-бет

амал мерекесінің атауы ескіше ай атына, қазіргі наурызға байланысты шыққан. Бұл туралы Шәкәрімнің ұлы Ахаттың жазбасында: «14 март – ескіше 1 март. Әкей айтты: «Бүгін ескіше 1 март, қазақша Жаңа жыл, Ұлыстың ұлы күні дейді. Ал жаңа жылдың бұрынғы аты – Наурыз, бұл фарсы тілі. «Жаңа күн» деген сөз. Қожа-молдалар «ескі әдетті қалдырамыз» деп, құрбан, ораза айттарын «Ұлыс күні» дегізіп жіберген. Ескі қазақша, ескі түрікше Жаңа жыл күнінің аты – Ұлыс. Жаңа жыл басының ұлыс екеніне мынадай дәлел бар. «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы жол болар», – деп жазған.

Бұл жазбалар жаңа жылдың келуі, оны мерекелеу 14 наурыздан басталатынын айғақтайды. Ал Қажымұқан Ғабдулла «Көрісу күні керек пе?» мақаласында тағы да былай деп нақтылай түсіпті.

«Еліміздің батыс өңірі Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарында, көршілес Ресейдің Астрахан, Саратов, Орынбор, Қарақалпақ-станның қазақтар

танған жерлерінде Наурыз мерекесі айдың 14-і күнінен басталып, «көрісу» (яғни, қауысу) салты (кей жерлерде «Амал мерекесі» деп те аталады) басталады. Қазақтың танымал табиғат тамыршысы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өзінің жан-жақты зерттеу еңбегінде «сегіз күндік Наурызнама өтетінін» жазған екен (ескіше 1-8 наурыз, қазіргі күнтізбеде 14-21 наурыз аралығы). Демек, ұлттымыздың көктемді тануы қадым заманнан шындыққа тым жақын.

Наурыз парсыша – Жаңа күн. Ертеде қазақ бұл күнді «Наурыз» демей, «Амал» деп атаған.

Өз заманында дүние жүзі мойындаған күнтізбе жасаушы ғалым Омар Хайям «Наурызнама» кітабында да жаңа жылдың 14 наурыздан басталатынын айтты.

Демек, бұрын қазақ елі Ұлыстың ұлы күнін тойлауды 14-наурызда бастаған. Декреттерге сүйеніп, қазақ ойшылдарының сөзіне сенсек, онда бүгін жаңа жыл басталды! Наурыз – жанару, тазару, күршіметтеу, кешірім сұрау деген ұғымдарды біріктіретін мереке. Ендеше, оның алғашқы күнінің

«көрісу» жоралғысымен басталуы заңдылық сынды. Маңғыстауда бұл күні түске дейін кемінде үш үйге барып үлгеріп, амандық сұрау халықтық қағида екен. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде бір-біріне сәлем берген екі адамға да сауап жазылатыны айтылған. Соның ішінде, бірінші сәлем берген адамға көбірек сауап бар. Ендеше, бұл – иман мен дәстүрді біріктірген мереке. Демек, Амал мерекесі – ғасырдан ғасырға аттауы тиіс, ұлттық мейрамымыз.

Бұл мереке біздің облыста да ескерілуі қалған емес. Өткен жылы Халыққа қызмет көрсету орталығында күні бойы думанды көрме өтіп, тұрғындарды ерекше салтанатпен қарсы алғаны есімзде. Ал бүгін облыстық филармония алаңында мерекелік орай «Армысың, дәурен тіршілік!» атты концерт қойылып, бірақтар шаралар ұйымдастырылмақ.

Иә, бүгін – қыстан қуатты шыққан елдің тазу мен тілек айтатын күні. Жылдан жылға жеттік. Сіз де кездескен жаңа күнге қарап, «жаңа жасқа шығуыммен» деп тілек арнаңыз!

СИҚЫРЫ БӨЛЕК СТРИТ-АРТ

Жақында ҚР Президентінің тұңғыш қоры түрлі салалар бойынша үздіктерді марапаттады. Оның ішінде Сыр перзенті Аққали Зәкіров бар. Ол «Мәдениет және өнер саласындағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры сыйлығының лауреаты» дипломымен марапатталды. Марапат иесі бүгінде Алматы қаласында еңбек етуде. Жұмыс орны мен тұрақты мекені Алатаудың баурайында болғанымен, оның өнері еліміздің барлық қаласына жетіп жатыр. Атап айталық, Аққалидың суретшілігі өзгелерден ерек. Ол кенепке емес, зәулім ғимараттың қабырғаларына сурет салады.



Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА.



Нью-Йорк, Лондон, Париж секілді әлемнің ірі қалаларында жақсы дамыған стрит-арт кейінгі кезде бізде де үлкен өнердің бір саласына айналды.

Ол 2004 жылы Алматыдағы Орал Танысқыбаев атындағы сәндік қолданбалы өнер колледжінде оқуға түседі. 2007 жылы суретші Ерман Танаев екеуі «Tigrohaud crew» тобын құрып, стрит-арт өнерін дамытуға үлес қосып келеді.

Мамандықым – кескіндемеші. Уақыт талабына сай заманауи сурет – көше өнерімен айналысамын. Шеберханамда, тып-тыныш жерде жұмыс істейтін суретшілер ерекшелігіміз – көшеде, бірақ ғимарат қабырғасына сурет салатынымыз. Бұл оңай жұмыс емес. Бұл өнерді менгеру үшін бағылық, шыдамдылық қажет. Себебі,

білікке шығып сурет салу үшін бойдағы қорқынышты жеңу керек. Тағы бір қиыны, сурет салу барысында, әсіресе портреттер салу кезінде төменге жиі түсіп қарау керек болды. Мұнан бөлек, ауа райының кедергісі бар. Бірде ыстық, бірде жел дегендей. Біз тоғыз қабатты үйдің сыртына Абай атамның портретін салдық. Мұнан бөлек, Дина Нұрпейісова, Құрманғазы, Шәкен Айманов, Көпшіев Дөненбаева, Бауыржан Момышұлы, Дінмұхаммед Қонаев, Айдан Айымбетов, Геннадий Головкин, Серік Сәлиев сынды тұлғаларды бейнеледік, – дейді ол.

Был қабырғаға сурет салудан рекорд жасағанын да жазырмады. Өріптегімен бірге 10 күн ішінде 7-9 қабатты 3 шыдамдылық қажет. Себебі,

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2019 жылдың 4 наурызындағы ұйғарымымен "Сартөбе" ЖШС-на (БСН 050 540 003 813) қатысты оналту рәсімін қолдану бойынша азаматтық іс қозғалғаны хабарлайды.

Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 үй.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕСІН

"Қызылорда тазалығы" ЖШС-на тиесілі Қызылорда қаласы, Сүлейменов көшесі №46 үй мекен-жайына берілген жұмысқа жеке меншік ортақ үлеске құқығын беретін актісінің (қаластрлық №10-156-010-693) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облысы соттары мен Соттар әкімшісінің ұжымдары және ҚР Судьялар одағының облыстық филиалы отставкадағы судья Зина Ізбастықызы Жаңбыршәева анасы

Назғай Түкенванованы қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіпқол комитеті компания жұмыскері

Әмірзақ Сарбалаевтың қайтыс болуына байланысты марқұмын отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосып білдіреді.

Қызылорда облысының прокуратурасы, 120001, Қызылорда қаласы, Нұрмақов көшесі, №1 үй, анықтама үшін телефон (7242) 274375, факс (7242) 270172, электрондық мекенжай 7242380@prokuror.kz, бос прокурорлық лауазымға КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

Бос орындар:
- Байқоныр қаласы прокуратурасының прокуроры – С-RRP-5 (бір бірлік);

Функционалдық міндеттері:
Жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарының сақталуын қалағалауды, заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарды қалағалауды жүзеге асыруды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және заңда белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Еңбегінің 76 274 теңгелік жоғары.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:
- функционалды бағыттарға сәйкес келетін жоғары кәсіби білім;
- құқық қорғау органдарына қызмет атқару үшін қажетті болған денсаулығының жарамдылығы.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: хабарландыру жарияланған күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде Қызылорда қаласы, Нұрмақов көшесі,

№1 үй мекенжайда қабылданады, қадірлік дамуы тобы.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі:

- 1) өтініш (нысанға сәйкес);
- 2) сауалнама (нысанға сәйкес);
- 3) қадір есебі жөніндегі жеке іс парағы (нысанға сәйкес);
- 4) қолмен тоғтырылған және басылып жазылған толық өмірбаяны (нысанға сәйкес);
- 5) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 6) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 7) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 8) әскери билеттің немесе әскерге шақыру уәдесіне тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;
- 9) 3x4 үлгідегі (2 дана) сурет;
- 10) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес азаматтың және оның жұбайының (зайыбының) табыстары мен мүліктері туралы декларацияны тұрақты жері бойынша мемлекеттік кіріс органына табыс еткенін растайтын құжаттар;

11) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды өткізу кезінде жарамды, шекті мәннен төмен емес қолданыстағы заңнаманы білуге арналған компьютерлік тестілеудің нәтижелері;

12) прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамдылығы анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссиялардан медициналық және психологиялық куәландырудан, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеуден өтуін және міндетті арнайы тексеріс қорытындылары;

13) құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарының сотталғаны жоқтығы, сот тәртібімен соңғы бір жылдың ішінде қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік

нәсіме әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны туралы анықтама;

14) соңғы жұмыс (оқу) орнынан міндеті.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және іскерлік беліне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтарын берілуі, міндетелер, ұсыныстар, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері) қосымша ақпарат бере алады.

Құжаттар мұқабала тізбесі көрсетілген, тігінді тапсырылуы тиіс.

Көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы оларды қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады. Азаматтар іріктеуге және конкурста қатысушыларының (тестілеу, әңгімелесу, тағайындалу өтетін жерге келу және қауіп, тұрғын үй-жай жалдау, тұру, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану және басқа да шығыстар) азаматтардың өздерінің жеке қаражаттарының есебінен жүргізіледі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

№4 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының "Ұлттық спорт түрлері және бұқаралық сауықтыру және шынықтыру клубы" ШЖҚ МКК-нан (Евразия СК) 2018 жылдың 01 мамырына дейін алынған абоненттік билеттердің жарамдылық мерзімі 2019 жылдың 01 мамырына дейін жарамды екенін ескерттеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаментінің 2019 жылдың 1-тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Т.А.Ә.	Атқаратын лауазымы	Қабылдау күні, уақыты	Мекен-жайы	Байланыс телефоны
Қарабаев Ерлан Жағыншарович	Департамент басшысы	Жұма сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, №36 2-қабат	8(7242) 40-63-83
Мырзалиева Айгүл Абыевна	Өлеп жөніндегі уәкіл	Жұма сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, №36 2-қабат	8(7242) 27-05-47

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында департаментте арыз-шағым жөніпті орнатылған, соньмен қатар 8(7242) 27-05-47 сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Төле би көшесі, 36.

Электрондық пошта: kadr.kk@syzylyorda.edu.gov.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz **https://twitter.com/syrboyi** **www.instagram.com/syrboyikz**

Меншік иесі
СЫРМЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36
40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17,
40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1039)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті
жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша
төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақлы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г. 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа"
ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 29266
Тапсырыс №390

Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА.